

# егемен Қазақстан

«Үш қиян» – «Три эпохи» – «Three epochs»


(Томас Густав Виннер зерттеуіндегі Мұрат Мөңкеұлы шығармашылығы туралы ой-пікірлер)



Қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, аркалы ақын, жампоз жырау Мұрат Мөңкеұлының шығармалары әр жылдарда бүгінгі қазақ жерінен тысқары қалаларда жарық көрді. 1908 жылы Қазандағы ағайынды Кәрімовтер баспасынан «Мұрат ақынның Ғұмар Қазы ұғлына айтқаны» деген кітап араб қарпімен басылып шықты. Бұл – ақын шығармаларының алғашқы басылымы еді. Оны нақты кім әзірлегені жөнінде әзірге ешқандай мәлімет жоқ.

Мұрат ақынның тұңғыш зерттеушісі – Алаштың ардақты перзенті Халел Досмұхамедұлы 1924 жылы Ташкент қаласынан «Мұрат ақынның сөздері» атты кітапты бастырып шығарды. Бұдан соң Мұрат ақынның шығармалары 1940 жылы Мәскеуде басылған «Песни степей» атты қазақ әдебиетінің антологиясында (жалпы редакциясын басқарған Леонид Соболев) жарияланды. Мұхтар Мағауин 1978 жылы Мұраттың «Үш қиян» толғауының аудармасын Ленинград қаласынан шыққан «Поэты Казахстана» атты антологияға енгізді.

Ал 1958 жылы Америка Құрама Штаттарының Дьюк университетінің профессоры Томас Густав Виннердің ағылшын тілінде басылған «Ресейлік Орталық Азия қазақтарының ауызекі шығармашылығы мен әдебиеті» атты кітабында Мұрат Мөңкеұлының өлеңдеріне талдау жасалды. Белгілі әдебиеттанушы-ғалым Амантай Шәріп екеуміз 1995 жылы АҚШ-тың Оклахома мемлекеттік университетінің кітапханасынан қазақ поэзиясының озық үлгілері талданған, соның ішінде Мұрат мұрасына да орын берілген кітапты тауып, көшірмесін алып келдік (Thomas G. Winner. The oral art and literature of the Kazakhs of Russian Central Asia. Duke university press, 1958. – 270 p).



Қазақ халқының әдебиетін, оның ішінде зар заман кезеңін, сол дәуірдің өкілі Мұрат Мөңкеұлының өлең-толғауларын талдап, арнайы кітап жазған Томас Густав Виннерді

таныстыра кетейік. Ол 1917 жылы 3 мамырда Прагада дүниеге келген. 2004 жылы 20 сәуірде Америка Құрама Штаттарының Массачутес штатында, Кембридж қаласында қайтыс болды. Ол – сондай-ақ Лев Толстой мен Антон Чехов шығармаларын жан-жақты зерттеген ғалым. Виннердің «Толстойдың Ясная Полянадағы шәкірттерінің шығармашылық жұмыстары», «Чехов және оның прозасы», «Чеховтің «Шағаласы» және Шекспирдің «Гамлеті», тағы басқа ғылыми монографиялық еңбектері жарық көрген.


Томас Густав Виннердің «Ресейлік Орталық Азия қазақтарының ауызекі шығармашылығы мен әдебиеті» атты кітабы 1980 жылы Нью Йоркте және 2002 жылы Стэнфордта қайта жарыққа шықты. Кітаптың бұдан да басқа басылымдары бар.

Т.Г.Виннер өз зерттеуінде Мұрат ақынның әйгілі «Үш қиян» толғауынан мынадай үзінді келтіреді:

The soldier's bayonet has taken  
the steppe from us –  
The tsar has thrust his hand into  
our pocket,  
And when he took the Džajyq from us  
He gripped us by the collar.  
He has realized his inventions.  
The black hand of the thief  
Has forever taken Uil from us  
And the Mangyshlak peninsula.  
Dragging his bullock cars, he advanced,  
To Ürgench, Tashkent, and Bukhara,  
Taking, along the road, everything  
for himself:  
Women and men and even the children,  
Cattle and land.  
If you look around,  
O men – over our native land  
The day of life, like an evil night,  
is dark.

Осы тұсқа келгенде «Өмірі қазақ топырағын баспаған Томас Виннер Мұраттың тыйым салынған өлеңдерін қайдан алды екен?», – деген сауал туындайды. Оның үстіне аударма түпнұсқадан едәуір алшақтап кеткен. Ағылшыншаға қандай талантты тәржімашы аударса да, жампоз жыр жүйрігінің түйдектеліп түсетін қуатты тіркестері төл тіліміздегідей жымдасып тұрмайтыны анық. Мәтінді біраз қараған соң толғаудың осы жолдарының қайдан алынғанын анықтау аса қиын болған жоқ. 1940 жылы Мәскеуде жарық көрген «Песни степей» атты қазақ поэзиясының антологиясына зар заман поэзиясының бірқатар үлгілері енгізілген-ді. Кітап төрт тарауға бөлінген: хан сарайы маңындағы ақындар (Бұқар, Нысанбай, Досқожа), көтеріліс дәуірі поэзиясы (Ығылман, Махамбет, Шернияз), зар заман («эпоха скорби») ақындары (Шортанбай, Мұрат), XIX ғасырдағы жазба әдебиеті (Ыбырай, Шәңгерей, Абай, Жүсіп, Нұржан). Жинақты құрастырушы Леонид Соболевтің: «Екі жақты езгіге ұшырап, өз жұртының қалталылары мен патша отарлаушыларынан қорлық

көрген қазақ халқының қайғысы «зар заман» ақындары – Шортанбай мен Мұраттың өлеңдерінде көрініс тапты», – деген пікірі күні бүгін де құнын жоғалта қойған жоқ.



Бұл кітапқа енген Мұрат ақынның «Үш қиян» («Три эпохи») толғауын аударған Павел Николаевич Шубин (1914-1950) – кеңестік дәуірде кең танымал болған орыс ақыны, журналист, аудармашы. Америкалық ғалым Т.Г.Виннер «Үш қиянның» орыс тіліндегі осы аудармасын пайдаланып, соны ағылшынша сөйлеткен. Екі тілдегі өлең мәтіндерін салыстыра қарағанда мұны анық аңғаруға болады:

Степи отобрал солдатский штык  
– Царь в карман нам руку запустил,  
А когда отнял у нас Яик –  
То и вовсе за ворот схватил.  
Замысел он свой осуществил:  
Воровская черная рука  
Навсегда отобрала Уил,  
Полуострова Мангышлака.

Волоча арбу, он шел вперед –  
В Ургенчи, в Ташкент и в Бухару,  
Все беря дорогой на учет:  
Женщин, и мужчин и детвору,  
Скот и землю... Поглядишь вокруг,  
О, жигиты, – над страной родной  
Жизни день, как злая полночь, глух,  
От него хоть в омут головой!

Т.Г.Виннердің ғылыми еңбегі ауыз әдебиеті нұсқаларынан бастап қазақ әдебиетінің елуінші жылдарға дейінгі кезеңін молынан қамтиды. Кітабының алғы сөзінде ғалымның өзі: «Айналымға қосылатын барлық түпнұсқа туындылар мұқият тексерілді, бірақ осы еңбек жазылып жатқан тұста Кеңестер Одағының өзінде жан-жақты зерттеу жүргізуге мүмкіншілік болған жоқ. Сол себепті менің қазақ әдебиеті мен сөз өнерінің эстетикалық құндылықтары туралы қандай да болсын кесімді пікір айта аламын деген ойым жоқ. Одан гөрі мен әлеуметтік көзқарасқа ден қойдым», – деп ағынан жарыла атап көрсетеді. Автор зар заман дәуірі («Time of Lament») ақындарының санатында Шортанбай мен Мұратты атайды. Базар, Әбубәкір және Ақан серінің шығармаларын да осы сарынмен байланыстырады. Т.Г.Виннер зерттеуінде, әсіресе алдыңғы екі ақынның ағылшын тіліне аударылған өлең мәтіндері біршама талданған. Шортанбайдың «Зар заман» («Time of Lament») және «Алдаушы жалған» («Faithless Lying»), Мұраттың «Үш қиян» («Three Epochs») толғаулары орыс тіліндегі аудармасы арқылы ағылшыншаға тәржімаланған. Сонда Шортанбайдың «Сауып ішер сүті жоқ, Мініп көрер күші жоқ, Ақша деген мал шықтысының» АҚШ-та басылған оқулықтағы нұсқасы былай болады:

Instead of herds, money.  
From such cattle  
Yow can obtain no milk.  
How can one put a saddle on it?

Бұл, әрине, жоғарыда айтқанымыздай, түпнұсқаның бар бояуын сақтаған аударма емес, автордың өзі мойындағандай, әлеуметтік көзқарасты таныту мақсаты ғана алға қойылған секілді. Сондықтан ол «Үш қиянды» талдай отырып, «Мұрат тығырықтан шығар жол іздеп, «замананы қалай жөнге келтіреміз?» – деген сауалға жауап таппай қиналды», деп, қазақ әдебиетінде әлденеше рет айтылған дәстүрлі қорытындыға келеді. Ең бастысы, Т.Г.Виннер зар заман әдебиетінің табиғатын таниды, әлеуметтік-тарихи себептеріне үніледі, халық тағдырымен тамырластығына назар аударады. Бұл зерттеу осынысымен де биік тұрады.

Ал енді еркіндеу көсілген Павел Шубиннің аудармасына негіз болған «Үш қиянның» түпнұсқадағы үзіндісі мынау еді:

Еділді тартып алғаны –  
Етекке қолды салғаны.  
Жайықты тартып алғаны –  
Жағаға қолды салғаны.  
Ойылды тартып алғаны –

Ойдағысы болғаны.  
Маңғыстаудың үш түбек  
Оны-дағы алғаны.  
Үргеніш пен Бұқарға  
Арбасын сүйреп барғаны,  
Қоныстың бар ма қалғаны?  
Мал мен басты есептеп,  
Баланың санын алғаны.  
Аңғарсаңыз, жігіттер,  
Замананы тағы да  
Бір қырсықтың шалғаны!

Т.Г.Виннер отаршылдық дәуірдегі жыр-толғауларға арналған тарауды «Зар заман өлеңдері» немесе «Мойынсұну дәуірінің поэзиясы» («Poetry of Resignation») деп атаған. Оның зерттеу еңбегінде Есет Көтібаров пен Бекет батырдың бастауымен болған көтерілістер басып-жаншылғаннан кейін халықтың наразылыққа толы көңіл күйі зар заман ақындарының өлеңдерінде көрініс тапқаны туралы айтылады. Сол кезең ақындарының тығырыққа тірелген жұрттың тағдырын баяндау үшін дәстүрлі жерлеу салттарында орындалатын жоқтау жырларының үлгісіне көбірек ден қойғанын тілге тиек етеді. Олардың бұдан құтылудың жолы ретінде мистикаға беріліп, торығуға салынуды құп көргенін баяндайды. «Зар заман» ағымының көңіл күйін бейнелеген ең айшықты шығармалардың бірі – орыс отарлаушыларының езгісінен жаншылып-жанталасу сезімін танытатын Мұраттың «Үш қиян» («Three Epochs») поэмасы. Ақын қазақтың ерлікке толы және аңызға айналған өткен дәуірін, қазақ сарбаздарының ерлігін, жердің қадір-қасиетін және қисапсыз малын еске ала отырып, өкініштен өксиді», – дейді Т.Г.Виннер. Ол Шортанбай сияқты Мұрат поэзиясында да жемқорлықтың жайы мен қарапайым халықтың езгіге түсуін бейнелеу жағынан үндестік байқалатыны жөнінде байлам жасады. Ақынның орыстар енгізген кез келген салт-дәстүрді қабылдауға, тіпті қазаққа үйлесе қоймайтын батыстық үлгідегі киімге де қарсы болғанын атап көрсетеді. Осыған орай зерттеуші мына үзіндіні мысалға келтіреді:

He wears a suit, without sleeves,  
Straight as a board. Between body  
and belt  
You cannot even stick a finger –  
everything is pulled tight.

Бұл жолдардың да «Песни степей» антологиясында жарық көрген, Павел Шубин аударған «Үш қияннан» («Три эпохи») алынып, тікелей тәржімаланғаны дау тудырмайды. Орысшадан ағылшыншаға жолма-жол аударылған. Тіркестің түзілу реті, орналасқан қатары, тіпті тыныс белгілеріне дейін сақталған. Шайырлық үрдіспен шабыттана шалқыған Шубиннің шумақтарын саралап көрем десеңіз, мінекей:

Носит он костюм без рукавов,  
Прям, как палка. Между кушаков  
Пальца не просунешь, –

стянут весь...

Ал енді бұл арынды ақын Мұраттың «Үш қиянындағы» «қатпа болған түйедей», «киеңкі болған биедей», «екі бұты таралған» «ел билеген бір сымпысты» кейіптеген баршаға мәлім әйгілі тіркестер екенін оқырман аңғарып отырған болар:

Киім кесе жеңі жоқ,  
Етегі бар да белі жоқ,  
Бармақ сияр жері жоқ...

Америкалық ғалым Томас Густав Виннер еңбегінің құндылығы мынада. Әдеби мұраны салмақтап-саралау мақсатымен 1959 жылы Алматыда өткізілген әйгілі конференцияда Мұрат ақынның және оның рухтастарының шығармалары аяусыз сыналып жатқан кезде бұл монография сонау мұхиттың арғы жағында жарық көрді. Онда зар заман ақындарының мұрасы ғалым тарапынан өз дәуірі тұрғысынан лайықты бағаланды.

Бүгінде туғанына 175 жыл толған Мұрат Мөңкеұлының халықаралық деңгейде танытылуы әлі де жалғасып келеді. Өткен жылы Германияда ағылшын тілінде басылып шығып «Amazon.com» халықаралық интернет дүкені арқылы оқырманға ұсынылған «Қазақ және қырғыз әдебиеттеріндегі зар заман ағымы» (генезис, типология, поэтика)» атты біздің монографиямызда Мұрат ақынның шығармашылығына да кеңінен орын тиді. Мұратану мен мұраттанудың үйлесімі алдағы уақытта да сақтала бермек.

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор